

Аминова Ақсымбат Ерболқызы





*Армысыздар мұғалімдер, аз жандар!
Білім іздеп талаптанған ұстаздар
Талаптының өрісі кең өрге жүзер
Бұл сайыста жеңіліс бар, озған бар*





*Таныстырып өтейін мен өзімді
Аминова Ақсымбат Ерболқызы*





**Тәлімгерім өнегелі Раушан апай,
Кемеңгері мен боламын басқан ізі!**








**Ұстаздары-мерейі мектебімнің,
Самғар қыран , күлімдер көкте күнің!
Тәрбие мен білім нәрін себе білген
Асыл жандар шәкірттерге төккен нұрын!**



**Адам болу арманым асқар таудай,
Бәрін білгім келеді ұлы Абайдай.
Шәкірттерге төгетін білім нәрін,
Ұстаз болғым келеді өз анамдай.**





Өнерлінің өрісі кең әрқашанда
Алты алаштың білімді ұрпақ жас ұланы!
Білім шыңын бағындырар біз болашақ
Отанымның жас өрені, жас ұланы!

